



## ДРУЖЕСТВЕННЫЕ СВЯЗИ

## «Айналанды нұрландыр!»

Бұл күндері әсем Алатаудың етегіне орналасқан «қайырымды қаланың» – талай ақын жыр арнаған, талай әнге арқау болған, «ҚазҰУ-дың қалашығын – көзінің қарашығына» теңеген университет қалашығының – мамырдың соңғы күндері кезекті оқу жылының аяқталар сәтіне таянып, түлектері қимай қоштасып, қойнауы дүбірге толып, табиғаты таңғажайып түрге еніп, тотыдайын таранып тұрған шағы.



29 мамыр күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі әл-Фараби кітапханасында жылдағы дәстүр бойынша «Айналанды нұрландыр!» атты жалпыуниверситеттік іс-шарасын қорытындылауға арналған жиын өтті. Озық идея, өміршең бастама ретінде зор қолдауға ие болған әлеуметтік-инновациялық «Айналанды нұрландыр!» жобасының 7-жылдығына арналған салтанатты кешке университеттің ұстаздар қауымы және студент жастар қатысты. Аталмыш жобаға студенттермен қатар, кураторлар, оқытушылар, кафедралар, қоғамдық ұйымдар және университеттің серіктестері де белсене қатысып, қолынан келер көмегін, аялы алақанының жылуын аямайтынына сан мәрте көз жеткізді. «Адамнан мейірім қашса, жер бетінен жақсылық қашады» - деген қағиданы өміріне ұстаным еткен жоба белсенділерінің жақсылыққа, қайырымдылыққа негізделген мұраты, ықылас, мейірім күтіп жүрген жандарға көмек қолын созуға талпынуы, оған өз үлесімді қоссам дейтін ұмтылысы, ниеті әбден құптарлық, қуантарлық жайт. «ҚазҰУ қалашығы» қайырымды тұрғындарының талай іс-шараға мұрындық болып, қоғамды ізгілендіруге титтей де болса үлес қосып жүргенін көріп қуанамыз.

ПРЕСС-СЛУЖБА

Жалғасы 5-бетте

Жалғасы 4-бетте



### Губернатор провинции Кёнсанбук-до (Республика Корея) Ким Кван Ён с рабочей поездкой посетил КазНУ им. аль-Фараби.

Приветствуя делегацию, ректор КазНУ Галым Мутанов выразил благодарность за визит и отметил устойчивые связи с высшими учебными заведениями Южной Кореи, такими как университет Ёнсе, Кангнам, Дэгү, Кьонги, Хангук, Сеульским университетом и другими.

«С крупнейшими вузами Южной Кореи успешно реализуются программы обмена студентами, научных стажировок, известные ученые осуществляют научное руководство, читают лекции

для магистрантов и докторантов КазНУ, участвуют в работе конференций, а также делятся опытом в сфере развития инноваций», - сказал ректор Галым Мутанов.

Губернатор провинции Кёнсанбук-до Ким Кван Ён выразил благодарность за теплый прием и рассказал о возрождении Нового Шелкового пути. «Великий шелковый путь - это связующее звено культурного взаимодействия и взаимообмена между народами Востока

и Запада. Его развитие позволило не только нарастить интенсивность сотрудничества между частями Евразии в различных сферах, но и соединить еще больше стран и народов», - подчеркнул губернатор.

Решением Ученого совета Ким Кван Ёну было присвоено звание почетного доктора КазНУ им. аль-Фараби, ректор вручил ему мантию и памятный сувенир. В ходе визита для представительной делегации гостей был проведен кампус-тур.

## ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ТАРЛАНЫ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тарих ғылымдарының докторы, академик Талас Омарбекұлының 70 жылдық мерейлі тойы халықаралық деңгейде аталып өтті. Көрнекті ғалым, талантты басшы, тәлімгер ұстаз Талас Омарбеков қоғамымыз бен рес-публика ғылымына сіңірген толассыз еңбегінің арқасында тарихтан өз орнын еншілеген дара тұлға.**

Ұлт тарихының тарланы деген атқа ие болған Талас Омарбекұлына арналған "Қазақ тарихына жаңа көзқарас" деген атпен өткен ғылыми-теориялық конференцияға шет мемлекеттерден, Қазақстанның түкпір-

түкпірінен ғалымдар мен шәкірттері жиналып, өздерінің құттықтаулары мен жылы лебіздерін білдіріп, ғалымға деген құрметін үлгі-өнеге етті. Қазақстанның барлық БАҚ құралдары Талас Омарбековтің тарих ғылымына қосқан үлесі мен азаматтық көзқарасын, сіңірген еңбегін атап өткен болса, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінен және көптеген ЖОО-лардан сонымен бірге, АҚШ Висконси университетінің профессоры Юлай Шамиоғлу мен РФ Алтай Республикасы С. Суразаков атындағы Алтайтану институтының директоры Н.О. Тадышевадан арнайы құттықтау хаттары келіп жатты.

Талас Омарбекұлының Қазақ тарихына жаңа көзқарасты қалыптастырып, тарих пен тарихнаманы заманауи тұжырымдардың негізінде зерделеуге қосқан үлесі зор. Заман ағымына ілесіп, ғылыми, басшылық және ұстаздық қызметін жоғары деңгейде атқарып,

кенестік кезеннің қиындықтарына мойымай, өзін мойындата білген тұлға.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ректоры, академик Ғалым Мұтанұлы конференцияның ашылу салтанатында сөз сөйлеп: "Әр заманның өз тарихы мен тарихшысы болады. Әркім өз уақытына жауап беру қажет, тарихшыларымызға осы заманның тынысын дөп басып, тарихи қойнауыды көпшілікке таныстыру үшін барынша жағдай жасалған. Тарихын білмеген адамның болашағы күнгірт екені де рас. Осыны дәл, бағыл түрде айту үшін, тарихшыға мінез керек", - деп Талас Омарбекұлының тарихымызды зерделеу саралауға қосқаны да, қосары да мол ғалым екенін ерекше ілтипатпен атап өтті. Академик Ғалым Мұтанов Талас Омарбекұлын «Әл-Фараби» атындағы алтын медальмен марапаттап, дәстүрімізге сай иығына шапан жапты.

Жалғасы 5-бетте

Жалғасы 4-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

ИТАЛЬЯНЦЫ  
В КАЗНУ



2-стр.

ЖОО-ЛАР  
АРАСЫНДАҒЫ  
ТЕЛЕКӨПІР



3-бет

ЛЕТО НАЧАЛОСЬ С  
ПРАЗДНИКА



8-стр.

**Перспективные направления сотрудничества в области науки и образования стали предметом обсуждения во время встречи руководства КазНУ и ректора Университета Ка-Фоскари Мишеля Буглиеси.**

## ИТАЛЬЯНЦЫ В КАЗНУ



Проректор КазНУ Аскар Хикметов рассказал о деятельности и достижениях университета, работе по открытию центров за рубежом. На сегодняшний день научно-образовательные центры успешно действуют в Шанхайском и Пекинском университетах иностранных языков, в Турции, Нидерландах, Иордании и Египте. Принимая во внимание возросший интерес казахстанских студентов к итальянскому языку, было предложено создать на базе КазНУ центр итальянского языка и культуры. Было отмечено, что открытие центров в вузах-партнерах поднимет сотрудничество на качественно новый уровень, а их деятельность является мостом дружбы между странами.

Следует отметить, что ректор КазНУ Галым Мутанов ранее посетил Университет Ка-Фоскари заключив договор о взаимном академическом обмене и совместной научно-образовательной деятельности. В рамках подписанных соглашений студенты КазНУ прошли семестровое обучение в Университете Ка-Фоскари по дублированной программе.

В свою очередь ректор Мишель Буглиеси поблагодарил за радушный прием и дал высокую оценку деятельности КазНУ. «Я видел много университетов в мире. Нам очень понравился кампус вашего университета, инфраструктура и возможности, которыми обладает вуз впечатляет. Он напоминает маленький город где можно получить знания и опыт, где есть все условия», — отметил в своей речи гость.

Также он подробно рассказал об университете Ка-Фоскари, о применении nano-технологий в медицине и разработке новых фармацевтических препаратов. Ученые по данному направлению совместно работают с коллегами из Орлеана (Франция),

который является ведущим научным центром в этой области. В завершение ректор Ка-Фоскари подчеркнул, что необходимо объединить опыт и потенциал двух университетов для развития плодотворного и взаимовыгодного сотрудничества.

В ходе визита гости из Италии посетили музей и библиотеку КазНУ, ознакомились с работой ЦОС «Керемет» и центра ситуационного управления.

ПРЕСС-СЛУЖБА

■ QYSQA-NUSQA

31 maia 2018 goda na t'yr'ydicheskom fak'ultete KazN'Y imeni al-Farabi v ramkah proekta Obshestvennaia priemnaia «Grajdanski kontrol» po sosialnomy zakazy Agentstva Resp'ubliki Kazahstan po delam gosydarstvennoi sl'yjby i protivodeistvny korruptsiu sostoialas na'ychno-prakticheskaia konferensia na temy: «Sovremennye tehnologii, resyrsy i mehanizmy protivodeistvia korruptsii v y'chrejdeniah y'golovno-ispolnitelnoi sistemy».

V hode konferensii byli obsyjdены sledy'yshie voprosy o profilaktike korruptsiionnyh riskov v y'golovno-ispolnitelnoi sisteme, o snizhenii korruptsiionnyh riskov v penitensiar'nyh y'chrejdeniah, o formirovani antikorruptsiionnogo soznania i antikorruptsiionnoi k'lt'yry kak y' osyjdennyh, tak i y' sotry'dnikov v sisteme y'golovno-ispolnitelnyh organov.

Na konferensii vystypili zamestitel r'ykovoditelia departamenta Agentstva po delam gosydarstvennoi sl'yjby i protivodeistvny korruptsii po gorody Almaty G.G. Daniarov r'ykovoditel Proektnogo ofisa «Sanaly urpaq» Tokyshev K.A., i dr. Vse vystypavshie otmetili, chto osnovnaia prichina vysokih korruptsiionnyh riskov v penitensiar'nyh y'chrejdeniah kroetsia v ih zakrytosti.

Vse prisytstv'y'yshie otmetili, chto kardinalnogo izmeneni sityasi v y'chrejdeniah y'golovno-ispolnitelnoi sistemy mojno dobitsia pri y'slovii sobly'deniya otkrytosti i prozrachnosti (v ramkah zakona).

\*\*\*

**Al-Farabi atyndaqy Qazaq ulttyq y'niversiteti tarih, arheologia j'ane etnologia fak'ultetinde «Saiaisi q'ygy'n-surgin j'ane asharshylyq qurbandaryn eske al'y» k'unine orai r'yminyalyq galym A'yrelha Felhany' «Mem'yary Efrosinni Kersnovskoi: o ee jizni v G'YLAGe» atty d'arisii otti.**

Evfrosinia Kersnovskaia 1908 jyly Odessada d'umegе keldi, ony'n janua'synda grekter, moldovandar, polaktar bar. Ol uzaq, ayырtpalygy mol omir keshti. Ol 1941 jyly Bessarabiadan (ol kezde R'yminyany'n b'oligi) deportasiyaq ushyrap, G'YLAGta 20 jyl omirin otkizdi. G'YLAG-tan bostandyqqa shyqqannan so'n, Evfrosinia Kersnovskaia 1960–70 jyldary ozini'n bastan keshkenderi jaiynda derekterdi tolygy'men sipattap, estelikterin jasyryn turde jazady. Sodan beri bul estelikter birneshe ret orys, fransy'z, nemis, italian j'ane taqy basqa tilderde jaryq k'ordi. Evfrosinia Kersnovskaiany'n estelikteri – bul totalitarlyq rejimni'n barlyq qurbandaryn eske ala otyryp, jalpy adam qundylyqtar tyraly qaitadan oiturtki jasa'ydy'n tamasha m'umkindigi.

\*\*\*

**Birikken Arab Amirlikterindegi toleranttyq j'ane beibitshilik j'onindegi jahandyq ke'nesti'n to'ragasy Ahmed bin Muhammed al-Jary'an ustimizdegi jyldy'n мамыr ainy'n so'nynda Almatyga resmii issapary men keldi. Osy sapary aiasynda al-Farabi atyndaqy Qazaq ulttyq y'niversitetini'n shyqstan'y fak'ultetimen tanysy'ny'n oray t'usti. Qurymstany qonaqty shyqstan'y fak'ultetini'n dekanı Yqtar Paltore k'utip alyp, fak'ultetini'n tynys-tirshiligi'men tanystyrdy.**

Ahmed bin Muhammed al-Jary'an myrza Tairay Shygy's j'ane Ontustik Azia kafedrasyny'n oqyt'yshy-professorlary'men sonai-aq arabtan'y b'olimini'n st'ydentterimen kezdesip, ozi basqaryp otyrgan toleranttyq j'ane beibitshilik j'onindegi jahandyq ke'nesti'n negizgi ustanymdary'men, aldaqy jumys jospary'men tanystyrdy. Suhbat barysynda Ahmed ben Muhammed al-Jary'an myrza Qazaqstan Resp'ublikasyny'n toleranttyq j'ane beibitshilik baqytyndaqy ustanymdary alem halyqtaryna ulgi ekendigin aitty. «B'uginde Qazaqstan'nan urenerimiz k'op», - degen to'raga Birikken Arab Amirlikteri men Qazaqstan Resp'ublikasy arasyndaqy ekijaqy dostyq qarym-qatynastardy'n aldaqy yaqytta da arta tusetindigine nyq senimdi ekendigin bildirdi.

Keibir st'ydentterdi'n oz bilimderin jetildiriy baqytyndaqy usynys-pikirlerin Ahmed bin Muhammed al-Jary'an myrza jyly qabyldap, arabtan'y b'oliminde oqyp jatqan st'ydentterdi'n arab tilin me'ngeriy de'ngerin arttyra t'usyge qolda'y bildiretindigin aitty.

Arab tilinde otken bul kezdesiy oqyt'yshy-professorlar'ga, kezdesiyge qatysqan barsha st'ydentterge ja'na bir qulshynys, jaqsy bir k'oniil-k'ui sylady.

Акмарал АЛИЕВА

## КЕЛЕЛІ КЕҢЕС



Өз кезінде ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабұл Рамазанов ҚазҰУ-дың бәсекеге қабілетті «Кадрлар» жол картасын қалыптастыру туралы баяндама оқыды. Есеп беру барысында Т. Сәбитұлы Маастрихтск университеті (Нидерланды) және «Жоғарғы экономика мектебі» ұлттық зерттеу университетінің (Ресей) кадрлық әлеуетінің тәжірибесіне сүйеніп, докторантураға қабылдау шарттарын өзгерту, докторантураға түсушілердің университеттік грант ережелерін өңдеу, екі жақтық келісім бойынша шетелдік әріптестерді тарту (COMSATS) сынды арнайы іс-шаралар топтамасын ұсынды. Проректор 110 шетелдік жоғары оқу орындарына әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ғалымдарға шақырту жіберіліп, 44 ғалымнан түйіндеме келгендігін

атап өтті. Оның ішінде 16 ғалымның Scopus-та бестен аса жариялануы және индекс Хирши үштен асатын 9 ғалым бар екенін хабарлар етті.

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева индикативтегі негізгі көрсеткіштер бойынша Жол картасының орындалу барысы туралы хабарлама оқып, әлеуметтік даму бағдары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды. Ш. Жаманбалаева сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттерді жатақханаларда орналастыру электронды жүйесі арқылы жүзеге асатынын айтып, «Азаматтық бақылау» Қоғамдық қабылдау жобасы аясында атқарылған іс-шараларды атап өтті.

Акмарал АЛИЕВА

■ РЕКТОРАТ

**Кезекті ректорат мәжілісі әдеттегідей марапаттау рәсімімен басталды. Жас ғалымдардың менделеевтік мектеп-конференциясын ұйымдастыру комитеті ҚазҰУ-дың 4 курс студенті «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша Нұрсая Жұмабайдың жасаған ғылыми жұмысын ерекше атап өтіп, университетте студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып жатқаны үшін ректор Ғалым Мұтанұлына алғыс білдірді.**

Алматы қаласы Білім басқармасы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі тұжырымдарын жүзеге асыру мақсатында 600 жас педагогтің басын қосқан «Мен ұстазбын» тақырыбында эссе жазуды қамтыған «Жас келсе іске..» атты жас педагогтердің қалалық слетінде эссе жазу барысында жас мамандарға өзі ұсағысы келетін, өміріне әсер еткен ұстаздарды көрсету ұсынылған, есімдері аталған ұстаздардың қатарында біздің университеттің оқытушылары – Бакыт Бөрібаев, Әсем Тұрарбек, Балтабек Кангужин, Эльмира Телеуова ерекше ілтипатпен аталды.

Ректорат отырысында алғашқы болып әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының директоры Гүлмира Әбдірайымова университеттің 2017–2018 оқу жылындағы білім беру қызметіне әлеуметтік мониторинг жүргізу туралы хабарлама жасады. Гүлмира Әбдірайымова есеп беру барысында студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде 88,2 пайызы жемқорлықпен жолықпаған болса, 2014–2018 оқу жылдарындағы өсу деңгейі 21,3 пайызға жеткенін айтты.

## РОЛЬ УНИВЕРСИТЕТОВ КАЗАХСТАНА РАСТЕТ

В Москве, в Российском университете дружбы народов прошел международный второй форум-выставка «QS Worldwide», в котором приняли участие представители более 400 ведущих вузов мира. Учитывая возрастающую роль университетов Казахстана в глобальном научно-образовательном пространстве, исполнительный совет «QS» решил провести следующий форум Казахстане на базе КазНУ им. аль-Фараби.



«QS Worldwide» – это одно из авторитетных международных мероприятий, проводимых британским рейтинговым агентством «QS». Форум является глобальной площадкой обмена опытом и обсуждения перспектив развития высшего образования и формирования университетов мирового класса, интернационализации и повышения качества образования.

Выступая на конференции, основатель консалтинговой компании «QS» Нунцио Кваварелли подчеркнул, что Казахстан занимает 37 место в рейтинге стран с сильнейшими системами образования, а университеты показывают хорошую динамику продвижения в международных рейтингах.

«В последние годы КазНУ им. аль-Фараби демонстрирует динамичное продвижение в международном рейтинге «QS». Успешный опыт работы университета в этом направлении перенимается высшими учебными заведениями мира, он уникален и актуален», – отметила региональный менеджер «QS» Зоя Зайцева.

На официальной церемонии передачи эстафеты проведения всемирного форума «QS» ректор КазНУ академик Галым Мутанов поделился опытом построения университета мирового уровня на основе повышения эффективности внутренних ресурсов и инновационного менеджмента, а также презентовал новую модель развития высших учебных заведений – «Университет 4.0».

Предстоящий третий форум «QS», который пройдет в сентябре 2019 года в Алматы, «Путь к глобальным вершинам: гармония человеческого наследия и передовых технологий» будет посвящен вопросам формирования граждан мира на основе единства научно-технологических и духовно-нравственных концептов. Проведение подобного масштаба мероприятия свидетельствует о растущем авторитете системы высшего образования Казахстана на международной арене.

ПРЕСС-СЛУЖБА



Университет Хэнань и КазНУ имени аль-Фараби подписали соглашение о сотрудничестве, которое даст возможность обучаться студентам двух стран по гуманитарным и техническим специальностям. Как отметил первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев, на сегодняшний день университет ведет совместные проекты с учеными Китая и сотрудничает с более 40 университетами КНР. Особенный интерес университетов КНР представляет проект «Один пояс - один путь», созвучный с казахстанской программой «Нұрлы жол». Деятельность данных программ была в свое время детально обсуждена лидерами двух стран. КазНУ является членом Координационного Комитета Альянса университетов Нового Шелкового пути, куда входят 136 университетов из разных стран мира.

Следует отметить, что в КазНУ успешно работает кафедра китайоведения, где готовят специалистов трех основных уровней. Также при КазНУ функционирует Институт Конфуция, который является лучшим в ЦА и Закавказье. Студенты ежегодно выезжают на языковые и исследовательские стажировки. Участвуя на разных олимпиадах и конкурсах, студенты показывают хорошие результаты и выигрывают призы на республиканских конкурсах, включая международные.

Во время встречи первый проректор рассказал о деятельности и достижениях университета, которому недавно продлили полномочия до 2020 года по руководству глобального хаба ООН «Академическое влияние». Это решение было принято по итогам успешной руководящей деятельности университета в области устойчивого развития в Нью-Йорке в штаб-квартире ООН.

Восьмой генеральный секретарь ООН Пун Ги Мун, выступая недавно на одной из сессий Астанинского экономического форума, подчеркнул, что «КазНУ – признанный лидер в деле продвижения инициатив ООН, направленных на решение вызовов тысячелетия. И то, что его полномочия возглавлять глобальный хаб продлены до 2020 года, свидетельствует о большом доверии ООН».

## ОТ СЛОВ К ДЕЛУ



Также на встрече для делегации университета Хэнань была озвучена информация о подписанном межправительственном меморандуме по предоставлению КазНУ им. аль-Фараби суперкомпьютера в качестве гранта правительства Китая. Суперкомпьютер станет грандиозной платформой международного IT-технопарка и центром суперкомпьютерных и облачных вычислений. Он будет способствовать кооперации всех университетов Альянса шелкового пути по дальнейшему развитию научно-образовательной сферы и позволит создать единый центр обработки данных для вузов Казахстана. В свою очередь, вице-президент Хэнаньского университета Sun Junjian поблагодарил руководство за теплый прием и выразил надежду на тесное сотрудничество, так как КазНУ очень известный университет. «В вашем вузе обучаются студенты из Китая на бакалавриате, магистратуре и докторантуре. Они учатся в основном на гуманитарных факультетах и изучают историю, язык. Также студенты КазНУ обучаются в университете Хэнань. Они очень старательные и получают правительственную помощь и стипендию. Наша цель – наладить добрые

и тесные отношения с самым лучшим вузом Казахстана». Хэнаньскому университету 106 лет и он является одним из старейших и влиятельных вузов Китая. Университет славится своим сильным гуманитарным направлением. Китайские ученые заверили, что у них есть новые программы и разработки, которые будут достаточно интересными для молодежи, и предложили перейти от слов к делу. В завершение стороны подписали двустороннее соглашение о сотрудничестве, где предусматривается обучение по программам, академическая мобильность, стажировки и обмен преподавателями.

Делегацию Китая представляли вице-президент Хэнаньского университета Sun Junjian, директор Центра международных программ Mao Liqun, декан Колледжа окружающей среды и планирования Qin Yaochen, декан Колледжа физического воспитания Zhang Dachao, профессор Колледжа школы журналистики и коммуникации Yang Zhi, профессор Колледжа окружающей среды и планирования Feng Zhaodong.

ПРЕСС-СЛУЖБА

## ЖОО-лар арасындағы телекөпір

ҚазҰУ-да «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бір жылдығы аясында 3 маусым күні «Шетел студенттерінің Қазақстанға көзқарасы» атты ЖОО-лар арасында телекөпір болып өтті.

ҚазҰУ-дағы «Рухани жаңғыру» ғылыми инновациялық орталығы жобалық кеңесінің басшысы Кенжехан Матыжанов телекөпірді аша отырып, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына орай ҚазҰУ-да атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

Алғашқылардың бірі болып Жапониядан келіп білім алып жатқан ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің студенті Такуро Оучи: ««Рухани жаңғыру» қазақ елін мықты біртұтас ел болуға жетелейді. Мен осы білім ордасында қазақ тілін үйренумен қатар, қазақ ұлтының ұлттық құндылықтарының өте бай мұрасы бар екенін білдім. Мәселен «Алпамыс батыр» эпостық жырын, «Айша бибі», «Қарахан батыр» жайында аңыздар оқып, олардың кесенесін өз көзіммен көрдім. Қазақ елінің тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, өнері менің қызығушылығымды тудырды. Алдағы уақытта жапон халқында кездеспейтін



қазақ елінің эпостық жырларын зерттеумен айналысым келеді», – деді.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Бағдаулет Ақжол ұлттық кодты сақтауда жастарға жүктелетін жауапкершілік жайлы өз ойын ортаға салды. «Бүгінде Елбасымыз жастардың оқу-білім алуына бар мүмкіндік жасап берді. Осы тұрғыда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жас ұрпақтың сана-

сезімін жетілдіріп, саяси тұрақтылықты дәріптеуде маңызды рөл атқарады», – деп аталған мақаланың мән-маңызына тоқталды.

Сондай-ақ телекөпірге қатысушы басқа да жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары аталмыш мақалада сөз болған түйінді мәселелер жөнінде кенінде пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



# ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ТАРЛАНЫ

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

Конференция барысында ғалымды ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты, тарих факультетінің 1986 жылғы түлегі Мұхамедов Мұрат Бақтиярұлы құттықтап, тарих ғылымындағы ақтандақтарды зерделеп, қазақтың шығу тегін, ру-тайпалық құрылымының ерекшелігін, билеушілері мен батырларының тұлғалық қасиеттерін зерттеп, тарихи кезеңнің кез - келген мәселесі бойынша нақты ақпарат бере алатын ғалымның бүгінгі қазақ тарихына қосқан сүбелі үлесін атап өтті.

Құттықтау сөзді әрі қарай еліміздің «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Тұрлыбекұлы Перуашевтың атынан партия төрағасының орынбасары, «Қазақ үні» газетінің президенті Қазбек Иса жалғастырған болатын. Ол Талас Омарбековті ұлт тарихын орнықтыруға тікелей үлес қоса отырып, жанаша талғам, тәуелсіз ел көзқарасы негізінде, ұрпақ танымына лайық бағытты қайта қарастырылуына өзі ұйтық бола жүріп, қаншама ғылыми зерттеу еңбектерін дүниеге әкелгенін, тарих ғылымында өз мектебін қалыптастыра білген ғалым ретінде атап өтті.

Талас Омарбекұлы Жамбыл облысы Байзақ ауданының құрметті азаматы. Конференция барысында құттықтауға туған жерінен арнайы делегация келіп, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Жаксылық Үшкөмпіров, Байзақ ауданы әкімінің орынбасары сөз сөйлеп, Талас Омарбекұлының тарих ғылымына деген қызығушылығын, талмай ізденіп, ғылымға тыннан соқпақ салып, деректерді дәйектеуде де соны әдіс-тәсіл пайдалануға шебер ғалымның ұстаздық тұрғыдан ізбасарларына үлгі болар тағылымы мол екенін тілге тиек етті. Заман ағымына, уақыт сұранысына сай еңбектенуге дағдыланған Талас ағамыздың небір қиындықтарды жеңе жүріп төл тарихымызды дамытуға қосқан үлесі аса зор деп қорытындылады.

басшы ретінде қалыптасуы мен заманның сұранысына жауап бере алатын тарихшы екенін айтып, жылы лебіздерін білдірді.

Талас Омарбекұлының мерейлі тойына шетелдік әріптестері: Түркиядан арнайы Мимар Синан университетінің профессоры Әбдуқап Қара, Едитепе университетінің профессоры Ахмет Ташағұлы мырзалар келіп, өздерінің құттықтауларын жеткізіп, ғалымға деген құрметін көрсетті. Осылайша түбі бір түркі халықтарының бауырмалдылығы мен ғылым жолындағы әріптестігінің керемет үлгісін паш етті.

Конференция барысында ғалымның «1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері» зерттеу еңбегінің тұсаукесері өтті. Бұл еңбегінде автор 1929-1931 жылдары Голощекиннің күштеп ұжымдастыруына қарсылық халық наразылықтары, ОГПУ құпия құжаттарының негізінде «ақтандақ» болып келген қазақстандықтардың қасіреті тарихи деректермен дәйектеледі. Кеңестік әкімшіл-әміршіл коммунистік идеология мен бюрократтық жүйенің халыққа қарсы көпекөрнеу өктемдік жасауы, оған тізесін батыра жаныштап, зорлық-зомбылық көрсетуі, оған төзбеген халықтың бас көтеруі объективті тұрғыда зерделеніп, ғылыми бағасы берілген. Жарияланған бұл еңбекте тұңғыш рет ұлттық санасы оянып, ұлттық намысы кеудесін кернеген жұртшылықтың шыдамының шегі бар екенін, күштеу, зорлау әдістері еркіндікті аңсаған момын халықтың қару алып, көтеріліске шығуына негіз болатынын әшкерелейді. Жер-жерлерде 372 көтерілістің болғаны нақты мысалдармен көрсетіледі. Кеңестік тарихнамада зерттеуге мүлдем тыйым салынған ұжымдастыру, ашаршылық, бай-қулақтарды тәркілеу, күштеп отырқышыландыру, заңсыз, қатаң жаншу саясаты жанаша, заман талабы мен тәуелсіз халықтың тарихына деген



Әбдіғали Талас Омарбекұлының ұлт тарихына сіңірген елеулі еңбектерін атап өтті.

Ғалымды өзі оқыған білім ордасы, 90 жасқа келген қарашанырақ Абай атындағы ҚазҰПУ бірінші проректоры, профессор М.Ә. Бектемісов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б. Жұмағұлов, сонымен қатар Қонаев университетінің ректоры, профессор Ө. Көпбаев құттықтап, тарлан тарихшының тарихпен өрілген тағдырына жоғары баға берді.

Еліміздің төрінен орын алған Л.Н. Гумилев атандағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Е.Б. Сыдықовтың және «Қазақстан тарихшылары конгресінің» атынан Талас ағайдың рухтас досы, белгілі алаштанушы, жазушы ғалым, «Отырар кітапханасы» Ғылыми орталығының директоры Тұрсын Жұртбай, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері Д.А. Махат арнайы құттықтаулары мен өздерінің ізгі тілектерін жеткізіп, ғалымның халқы мен елінің алдындағы өзінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалғармаған адам екенін, қай дәуірде өмір сүрсе де, дүйім жұртының нағыз азаматы болып, тарихтың қай кезеңінде болсын өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келгендігін нақты атап өткен болатын.

Жиын барысында Қазақстан Республикасының М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті Талас Омарбекұлын 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, ғалымға шығармашылық шабыт, талмас қанат, ғылым жолында толассыз еңбектің жемісін көруін тілеп, ғалымның осы ЖОО түлектерін түлеткен дара ұстаз екенін атап өтті.

Талас Омарбекұлын құттықтап бір топ журналистер, белгілі қаламгер ағаларамыз «Ақиқат» журналының бас редакторы Аманхан Әлімұлы, «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы Еркін Жаппасұлы, «Қазақ тарихы» журналының бас редакторы Әбділдабек Салықбай, ҚР Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары, профессор Бауыржан Жақып арнайы келіп, ғалымға талмас қайрат, толассыз шығармашылық табыс тіледі. Осы тұста, қазақ халқына еңбегі сіңген, халықтың тұтастығы мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі, азаттық жолындағы күреске бастаған қазақ батырлары, билеушілері, би-шешендері, зиялыларының, көш басында тұрған аса ірі саяси жетекшілерді өскелең ұрпаққа жеткізген тарихшыны елі ұмытпауы тиіс екенін атап көрсетті.

Тарихпен өрілген тағдыры оны осы биік дәрежеге жеткізді. Талас Омарбекұлын құттықтауға келген атакты ғалымдар мен танымал қоғам қайраткерлері, жазушылар, елінің елеулі азаматтары өте көп болды. Құттықтаудың әрқайсысы ғалымға деген ыстық ықыласы мен шығармашылығына деген құрмет екені сөзсіз.

Конференция соңында сөз алған Талас Омарбекұлы өзіне деген сый-құрметке алғысын білдіріп, жылы лебіздердің жанға демеу, шығармашылыққа шабыт әкелетінін ерекше толғаныспен жеткізді.

Талас Омарбеков әл-Фараби атындағы ұлттық оқу ордасының мақтанышына айналған пайымды да парасатты, тарихпен танылған тұлға. Ұлт тарихының нағыз тарланы!

**Нәзия ТӘСІЛОВА,**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*қауымдастырылған профессоры,*  
*тарих ғылымдарының кандидаты*



Қазақстан тарихы кафедрасының менгерушісі, ҚР Ұлттық ҒА корреспондент-мүшесі, профессор Берекет Кәрібаев мерейтой иесінің ғылыми-шығармашылық қызметі туралы баяндама жасап, Талас Омарбековті құттықтап, қазақ тарихына жаңа көзқарас қалыптастырған ғалымның сүбелі үлесін жастарға өнеге етіп, архив қойнауындағы тыйым салған құжаттарды жариялап, ғылыми айналымға қосып, Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттерін ашып, шындықты кеңестік биліктен қаймықпастан жариялаған ғалымның өмірден алған тәжірибесі мол екенін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, тарих, археология және этнология факультетінің ақсақалы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Уахит Шәлекенов, жоғарғы білім мен мектеп ісінің көрнекті тұлғасы, тарих факультетінің даңқты түлектерінің бірі Амангелді Құсайынов, ҚР ҰҒА академигі, белгілі тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиев Талас Омарбековтің ұстаз, ғалым,

сұранысына сай жазылған болатын. Ғалым зерттеу еңбегінде Тактакөпір, Бостандық, Батпаққара, Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Өскемен, Зырян, Шұбар-Балқаш-Шокпар, Адай және т.т. көтерілістердің халықтың әділдік іздеп, дінін, салт-дәстүрін, шаруашылығын сақтап қалуға бағытталған қарулы қарсылық екенін дәлелдеген. Ел тарихына үңілсек, шын мәнінде болған көптеген көтерілістердің күні бүгінге дейін жан-жақты зерттелініп, тарихи бағасын ала - алмай келгенін аңғарамыз. Өскелең ұрпақ тағлым аларлық бұл салыстырмалы тарихи талдаулар бір жағынан тәуелсіздікке ұмтылған өз бабаларымыздың ерлігін паш етсе, екінші жағынан қазіргі халықаралық жағдайды бағалауға, империологиялық саясаттың трансформацияланғанын ескеріп, бейімделуін зерделеуге көмектесері анық.

Кітаптың шығуына демеушілік білдірген «Арыс» баспасының директоры Ғарифолла Әнес және «Сакральді Қазақстан» орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы Берік



# ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҢЫЗЫ



Қазақстан индустриясының жоғары білікті мамандарын дайындау мақсатында 2014 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен 2015-2019 жылдарға енгізілген «Индустриалды-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасы» еліміздің өндірістік политикасының маңызды бөлшегі болып саналады. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – өңдеуші өнеркәсіптің бәсекелесу қабілеттілігін жақсарту және әртараптандыруды ынталандыру болып табылады. Осыған орай еліміздегі бірнеше жоғары оқу орындарына білікті мамандарды дайындау бойынша мемлекеттік грант берілген болатын. Осы айтылған жоғары оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Университет қабырғасындағы бағдарлама аясында студенттер әртүрлі компаниялармен үшжақты келісімшарт жасап, биылғы оқу жылында өндірістік тәжірибелерін отандық өндіріс орындарында өткізді. Солардың бірі, өзінің жетекшілігіндегі магистранттар «ЕвроХим-Қаратау» ЖШС, «Бижан» ет өңдеу зауыты ЖШС және АҚ «АзияАгроФуд» кәсіпорындарында ғылыми білімдерін және біліктіліктерін көрсетіп, арттырды.

«ЕуроХим-Қаратау» ЖШС-нің жұмысы – Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының өте маңызды бірлескен жобасы. Оның келешегі туралы, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев, құны бір миллиардтан астам доллар болатынын айтқан болатын. Бұл Қазақстандағы кейбір минералдық тынайтықтардың және ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Осы жоба біз үшін өте маңызды. Мұнай мен металдар бағасының құлдырауы бүкіл әлем үшін тұрақсыз болып тұрған кезеңде Қазақстан экономикасын дамытушы болып саналатын,

шикізаттық емес кәсіпорындардың орны ерекше. Өйткені индустрияландыру бізге еңбек өнімділігін арттыруға нақты мүмкіндік береді. Азот және фосфор тынайтықтарын өндіру бойынша әлемдегі жетекші агрохимиялық компаниялардың бірі болып есептелінетін «ЕвроХим» ЖШС-те магистрант Салтанат Тасболат тәжірибеден өтіп, органикалық синтез және темір рудасының бірқатар өнімдерінің қалай алынатынын үйренді.

Тағы бір магистрант Жайна Қадірбай «Бижан» ет өңдеу зауыты ЖШС – шұжық өндіруден алда тұрған кәсіпорындардың бірінде тәжірибеден өтті. 1998 жылы құрылған зауыт алғашында шұжықтың 5-6 түрінен күніне 150-200 килограммға жуық өнім шығарса, ал қазіргі таңда Алматы қаласындағы ет өңдеу цехы 80-ге жуық ет, шұжық өнім түрлерін өндіреді. Атап айтқанда: шұжық өнімдерінің әртүрлі ассортименттері, деликатес өнімдері, ұлттық ет өнім түрлері (қазы, қарта, жал, жая), жартылай фабрикаттар және т.б. Бұл өндіріс орында күніне 5 тонна өнім шығарып, оны

еліміздің бірнеше қалаларына тасымалдайды. Кәсіпорында Германияның озық жабдықтары орнатылып, заманауи технологиясы қолданылады.

Ал магистрант Гулсая Нуртилеуова өндірістік тәжірибесін «АзияАгроФуд» АҚ кәсіпорнында өткізді. Бұл – еуропалық стандартқа сәйкес «Бюлер» фирмасының заманауи құрал-саймандарымен қамтамасыздандырылған ұн, импорттық техникалармен жұмыс жасайтын крахмал-сірне комбинатынан және нан пісіру цехынан құралатын ірі өндіріс орны болып есептелінеді.

Магистранттар осы зауыттардан тәжірибеден өту барысында тек диссертациялық жұмысына қажетті мағлұматтарды ғана емес, барлық талаптарды, өндірістік мекемелердегі заманауи құрал-жабдықтарды, әртүрлі зерттеу әдістерін меңгеріп және жасалынатын талдауларды да үйреніп, университетте алған теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік алды.

Жалпы, өндірісті дамыту бағытында белгіленген межелер мен қабылданған жедел индустриялық-инновациялық дамыту бағдарламасын нәтижелі іске асыруда ғылым мен білімнің жауапкершілігі ерекше. Ғылымның өндіріске ұсынған инновациялық технологиялары әлемдік жетістіктерден жоғары болмаса, төмен болмауы қажет, ал оларды өндірісте пайдаланатын мамандар осыларды толық игеруі тиіс.

**Бақыт ТЮСЮПОВА,**

*химия және химиялық технология факультеті, аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының оқытушысы, х.ғ.к., доцент*

**Современная система высшего образования способствует формированию у студентов задатков, познавательных интересов и потребностей, выработке духовно-нравственных и эстетических убеждений. Также служит подспорьем по созданию условий для активизации учебно-познавательной деятельности и развитию творческого мышления обучающихся, укреплению самовыражения и самоуверенности в себе.**

## ЭЛЕМЕНТЫ СИНЕРГИИ



студентов факультета международных отношений показало, что более 90% из них при ответе на вопрос «Что Вам больше всего запомнилось на занятиях иностранного языка?» отмечают страноведческие элементы: праздники, знакомство с историей, обычаями и традициями стран изучаемого языка. Студенты особо отметили ежегодно проводимый кафедрой дипломатического перевода «Nauruz Festival». Для будущего дипломата, кроме знания языков, важно знать и чувствовать особенности культуры, традиций и обычай других народностей. Цель проведения фестиваля – познание национальных традиций народов мира, демонстрация богатства языкового и культурного разнообразия через иностранный язык.

Увеличение объема социокультурного компонента в курсе иностранного языка достигается за счет организации внеаудиторных мероприятий. Руководство факультета международных отношений и кафедры дипломатического перевода значительное внимание уделяет организации внеаудиторных мероприятий в рамках языковых клубов. Особенностью этих клубов является использование разнообразных педагогических технологий, что ведет к возрастанию восприимчивости информации студентами и продолжением, но более углубленной реализации тем учебного курса, т.е. реализуется тематическая синергия, объединяющая курс иностранного языка и внеаудиторные мероприятия. В рамках такой

модели организации работы клубов можно привести много примеров. Вот, например, неотъемлемой частью курса иностранного языка на факультете международных отношений является тема «Дипломат. Какими качествами должен обладать современный дипломат?». Эта тема обсуждается на занятиях, затем реализуется в форме интеллектуальной игры с подключением интерактивных форм самостоятельной работы студентов в рамках клуба. Происходит расширение тематического пространства курса, что способствует когнитивному развитию личности участника. Усиление этого эффекта происходит за счет фокусирования на самостоятельном извлечении информации на основе изученных материалов. А вот проведенное мероприятие в читальном зале факультета международных отношений, посвященное социальным инициативам Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева, затрагивающим вопросы повышения доступности и качества образования, заинтересовало студентов и получило продолжение обсуждения этой темы на практических занятиях. Применение разных форматов в рамках одной темы создает баланс между знаниями, приобретенными в аудитории и в действии во внеучебном пространстве, что, в свою очередь, также является элементом синергии. Это позволяет задействовать всю интеллектуально-эмоциональную сферу личности, ее внутренний мир, менталитет, культуру.

**Алтынай БАЙТУКАЕВА,**

*к.п.н., и.о. профессора кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений*

**Университетте «Жас лингвист» клубының жұмысы аясында  
«Үздік лингвист 2018» зияткерлік олимпиадасы өтті**

# Қазақтың Ландауы – Нұрғали Қойшыбаев

**«Ұстаз» атты ұлы есім қашанда кісілік келбеті жоғары сан мыңдаған шәкірттерге үлгі-өнеге, білім-тәрбие беретін, ізгілік нәрін төгетін ерен еңбектің иелері. Қай қоғамда да ұстаз құрметті орындардың төрінен табылады. Осындай құрметті мамандықтың иесі болып, ұлағатты ұстазға тән үлгі көрсеткен, талай шәкірттердің жүрегінен орын алып, тәлімді тәрбие берген, «жалаң аяқ жүретін Профессор» атымен елімізге танымал, ардақты ардагер ұстаз Нұрғали Қойшыбаев еді.**



Нұрғали Қойшыбаевтың қазақ жастары үшін физика саласы бойынша еңбегі орасан зор. Физика саласы бойынша жиырма шақты кітаптың авторы, атакты физик Лев Давидович Ландаудың 9 томдық теориялық физика кітабын қазақ тіліне аударып, көзінің майын тауысқан, 1 курсқа қабылданған студенттерге бағыт бағдар беріп, талмай еңбек еткен құрметті ұстаз еді. Ұстаздың еңбегі ескеріліп жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінде «Қазақтың Ландауы – Нұрғали Қойшыбаев» атты оқушылар арасында физикадан қалалық олимпиада өткізілді. Олимпиада «Тайжарыс-Талант» қоғамдық қорының және факультеттің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұйымдастырылуымен орын

алды. Олимпиадаға қаладағы мектептерден 60-тан аса оқушы қатысып, өз білімдерін сарапқа салды. Олимпиаданың жоғарғы деңгейде өтуіне кафедраның ұстаздары М.Е. Абишев, А.К. Бекбаев, Б.Т. Досаева, С.А. Жауғашева, Г.Г. Сайдуллаева, Қ.С. Дюсебаева, С.Е. Кемелжанова, Г. Нұрбақыт белсене атсалысты. Олимпиаданың бас жүлдесіне берілген Анталия қаласында өтетін халықаралық олимпиадаға жолдаманы Ш. Смағұлов атындағы республикалық физика-математика мектебінің оқушысы Надира Жұмаділ жеңіп алды. Одан бөлек жоғарғы 1-орын иегерлеріне «Пифагор» білім беру орталығында бір айлық тегін оқу сертификаты (3 дана), 2-ші орынға «Едтех» білім орталығында тегін білім алу сертификаты (3 дана), 3-ші орын иегерлеріне 10 000 теңге ақшалай сыйлық және 10 оқушыға

ынталандыру берілсе, қалған қатысушыларға тегін тренинг-семинарға жолдама табыс етілді. Сонымен қатар әр оқушыға естелік сыйлықтар мен кітаптар ұсынылды. Олимпиада жүлдесін табыс ету Қазақ-Британ университетінен келген физика-математика ғылымдарының докторы Нұржан Бейсенханов мырзаға, «Пифагор» білім беру орталығының директоры Асан Жолдасов мырзаға, «Тайжарыс-Талант» қоғамдық қорының президенті Гүлбағыш Бостан ханымға, физика-математика ғылымдарының докторы Александр Юшков мырзаға берілді. Олимпиадаға қатысқан оқушыларды дайындаған ұстаздары да ескеріліп алғыс хаттармен марапатталды. «Тайжарыс-Талант» қоғамдық қорының президенті Гүлбағыш Бостан бұл олимпиаданың болашақта жыл сайын үрдіске айналатынын атап өтіп, келер жылы жеңімпазға екі бірдей ЖОО гранты берілетінін жеткізді. Өз кезегінде сөз сөйлеген кафедраның профессоры А.В. Юшков оқушыларға сәттілік, шығармашылық табыс тілеп, болашақта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері қатарынан табылуларына тілектестігін білдіріп, жүрек жарды лебізімен бөлісті.

**Б.Т. ДОСАЕВА,  
Қ.С. ДЮСЕБАЕВА,  
С.Е. КЕМЕЛЖАНОВА**

## МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – ЖАУАПТЫ ІС!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультеті еліміздегі алғашқы философиялық білім орталығы әрі тиімді білім үлгісі мен тәжірибесі қалыптасқан қазақстандық бірегей философия мектебі. Қазақстандағы философиялық білім дәстүрі 1949 жылдан бастау алады. Философия кафедрасы 70 жылға жуық әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де көп деңгейлі бағыттағы кәсіби философ студенттерді дайындап келе жатқан алдыңғы қатарлы философиялық орталық. Қазіргі ғылым бір орында тұрақтап тұрмайды. Ұлттық университеттегі философия мектебі де заман талабына сай қадам басуда.



«Философия» пәні еліміздегі жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде міндетті оқыту пәндерінің қатарында. Философиялық білім алған, дайындықтан өткен маман қазіргі кезеңдегі нарықтық жағдайда өте қажетті кадр. Себебі оның алған білімі қоғамдық өмірдің кез - келген – экономикалық, саяси, рухани және әлеуметтік салаларында табысты қызмет атқаруға мүмкіндік береді. Алда кәсіпкер маман қызметіндегі жетекші рөлді гуманитарлық ғылымдар алатын дәуір келе жатыр. Белгілі миллиардер Марк Кьюбан Bloomberg TV арнасына берген сұхбатында былай дейді: «Таяуда жұмыс берушілер

шығармашылық және сыни тұрғыда ойлай білетін мамандарды іздейтін болады... 5-10 жылдан соң гуманитарлық пән мамандарына деген сұраныс арта түседі... Сонын ішінде философия ерекше сұранысқа ие болады».

БҰҰ, ЮНЕСКО-ның халықаралық құжаттарында анықталғандай, философиялық білім әлемді сақтауға өз үлесін қосады және қазіргі заманның, әсіресе, гуманизм мәселесі бойынша, ғаламат өзгерістердің алдында тұрған әрбір адамды жауапкершілікті болуға дайындайды. Ғылыми-зерттеу институттары, орта және кәсіби білім беру ұйымдары, қоғамдық және мәдени орталықтар, мемлекеттік

құрылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары да философия саласының мамандарына мұқтаж екендерін көрсетуде. Философия мамандығының білім беру бағдарламасының әлеуеттік өзектілігі еркін оқуға бағытталуынан, шығармашылық ойлауынан және теріс насихат пен дүмше фанатизмнің, құқық теңсіздігі мен шыдамсыздықтың түрлі формаларына қарсы тұру қабілетінен анықталады.

Философия бұл жай ғылым емес, адамзат өмірінің ұйымдастыру формасы ретінде олардың жан дүниесі мен тәжірибелік қырларының байланыстарын көрсетеді. Философия кафедрасында Қазақстанға танымал философтар – М.Ш. Хасанов, Ж.А. Алтаев, Г.Ж. Нұрышева, В.Ф. Петрова, С.Ж. Еділбаева, Ә.Ф. Қарабаева, А.С. Сырғакбаева, Л.Ә. Аскар, О.М. Борецкий сынды және тағы да басқа көптеген ғалымдар сабақ береді. Кафедрада аймақтық және республикалық деңгейде әлеуетті жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатылған.

Философия мамандығы бұл - жай мамандық емес, бұл – әмбебап дүниетаным, ойлау креативтілігі жоғары, мансаптық өсу болашағы бар мамандық.

**Шаттық ӘЛИЕВ,**  
философия кафедрасының кәсіби бағдар беру ісіне жауапты

## САЛАУАТТЫ, БІЛІМДІ ҰРПАҚТЫҢ ҰТАРЫ КӨП

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Халқына жолдауында білім мәселесі де тиісінше айтылды. Өйткені, білім мен ғылым бүгінгі күннің басты талабы. Кез – келген инновациялық игілік те осы білімнің бір белесі.

Елбасы бұл тұрғыда: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл – жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты», – деп айтып өтті.

Бүгінгі таңда, білімнің биік шыңына шығып, талай жетістіктерге жетіп жүрген шәкірттеріміз де бар. Біліммен қоса, жастардың спортқа да биімділігі басты назарда болғаны жөн. Салауатты өмір салтын ұстану – әр ұрпақтың денсаулығын, тазалығын қалыптастырады. Бұл тұрғыда мектепте жүргізілетін дене шынықтыру пәнінің де берері зор. Мектеп қабырғасынан спортқа шыңдалып өскен ұрпақтың, салауатты, білімді, сапалы, саналы болып өсері анық. Біздің мектепте де жыл сайын түлек өз ұясынан түлеп ұшады. Олардан күтетін үміт те жоқ емес. Әр оқушының өзіне тән қабілеті, таланты, білімі мен өзіндік бейнесі бар. Демек, салауатты ұрпақтан сапалы мемлекет азаматы қалыптасатыны ақиқат. Ол дегеніміз – Отанына, жеріне қалтқысыз қызмет ететін темірқазықтың белгісі. Ұлтын, ұлан байтақ жерін қорғай алу біз айтқан құндылықтардан құралады. Сайып келгенде, ұлт үшін ерінбей еңбек ету, білімді болу ел бірлігін биіктетіп, беделін көтереді, әлемге танытады.

**Ерболат МАҚАТАЕВ**

**Студентка КазНУ им. аль-Фараби Гузаль Садыкова завоевала золотую медаль на молодежном чемпионате Азии по боксу**

## ҚАЗҰУ МҰРАЖАЙЛАРЫНА САЯХАТ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары «Айналандыр нұрландыр!» жобасы аясындағы шетелден келген қазақ диаспора өкілдерін қоғамдық ортаға бейімдеу мақсатында алғашқы саяхаттарын ҚазҰУ-дың мұражайларын таныстырудан бастады.**

Бұл шара теориялық алған білімдерін тәжірибелік сабақпен ұштастыру мақсатында 80 жылдық тарихы бар университет аумағындағы мұражайлардың өмірімен таныстыру үшін ұйымдастырылды. «ҚазҰУ-дың – 80 жылдық тарихы», «Палеолит», «Археология және этнология», «Биология», «Әл-Фараби кітапханасы» мұражайларының қызметкерлері келушілерді жылы шыраймен қарсы алып, әр бөлімдегі экспонаттарға жеке-жеке тоқталып, тыңдаушыларымыздың қызығушылығын тудырды.

Ал тыңдаушылар болса, көнеден келе жатқан тарихымыздан сыр шертетін археологиялық қазба жұмыстар кезінде табылған тарихи бұйымдар мен тарихи құралдарды көзімен көріп, қолдарымен ұстап және зерттелген ескерткіштер, жәдігерлер жайлы көп мәлімет-мағлұматтар алды. Тыңдаушылар мұражай қызметкерлеріне өздерінің алғыстарын білдіріп,

ерекше әсерде болғандарын айтып жатты.

Отанына алғаш келген қандастарымыз өздерінің болашақ таңдайтын мамандықтары жайлы да көп мағлұматтар алып қайтты. Қытайдан, Монғолиядан, Өзбекстаннан, тағы да басқа елдерден келген тыңдаушы бауырларымыз туған жерге келгендегі алғашқы мұражайларға жасаған саяхаттары өте әсерлі болғандығын жасырмады. Оқытушылардың мақсаттары мен міндеттері тыңдаушылардың ой-өрістерін, танымдық қабілеттерін арттырып, туған өлке тарихына деген сүйіспеншілігін қолдап, патриоттық сезімдерін дамыту үлгісінде тәрбиелеу еді, бұл тұрғыдан қарағанда мақсатымыз орындалғандай көрінді.

**М.Б. АМИРКАНОВ,**  
Жоғары оқу орнына дейінгі  
білім беру факультеті  
деканның орынбасары

### ■ ХАБАРЛАНДЫРУ



*Сырбай*  
*Мәуленов* **95**  
ЖЫЛ

**Құрметті Алматылықтар!**

**Сіздерді 2018 жылдың 15-ші маусымында сағат 16.00-де өтетін**

**Қазақстан Жазушылар Одағының Әдебиетшілер үйінде өтетін Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті ақын**

**Сырбай Мәуленовтің туғанына 95 жыл толуына арналған салтанатты жиынға шақырамыз.**

**Кешке ақынның әдебиеттегі ізбасар інілері мен өнер шеберлері қатысады.**

**Мекен-жайымыз:** Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-ші үй

**Телефон:** +7(727) 261 62 95

# ЛЕТО НАЧАЛОСЬ С ПРАЗДНИКА

**День защиты детей, приходящийся на первый день лета – один из самых старых международных праздников, его отмечают во всем мире с 1950 года. Решение о его проведении было принято Международной демократической федерацией женщин на специальной сессии в ноябре 1949 года. ООН поддержала эту инициативу и объявила защиту прав, жизни и здоровья детей одним из приоритетных направлений своей деятельности. Этот день профсоюз «Парасат» КазНУ им. аль-Фараби всегда старается сделать ярким и незабываемым.**

призы от профсоюза «Парасат».

А во Дворце студентов (профог – Ж. Сартбай) 1 июня состоялось веселое представление. Танцы и песни сменялись цирковыми номерами, шоу роботов, интерактивными играми с залом. Взрослые и маленькие зрители окунулись в мир волшебства и чудесного перевоплощения.

Работники музея биологического факультета (профог Н.З. Актаева) организовали для детей экскурсии на казахском и русском языках. Особый интерес вызвали крупные животные – представители дикой природы. Сотрудники музея подробно рассказали об их особенностях



и образе жизни. Очень заинтересовала экспозиция о жизни доисторического человека. Всем хотелось сфотографироваться с крупными представителями фауны – медведями и лосями, тем более, что на фото они выглядели как настоящие.

Впервые для детей была организована экскурсия в Библиотеку Аль-Фараби (профог – Л.Рехфатова). Они осмотрели читальный зал, книгохранилище, абонемент, где выдают книги. Очень заинтересовали ребят материалы об аль-Фараби, имя которого носит наш университет. Особое внимание вызвал Музей Первого президента. И хотя наша библиотека предназначена для взрослых читателей, ее сотрудники смогли увлечь рассказами о «книжном доме» даже самых маленьких.

А вечером состоялся шоу-концерт балета «Бахыт kids», звездами которого являются дети работников КазНУ. Маленькие артисты также получили шоколадки от профсоюза.

Говоря о подготовке к празднику, предсе-

датель профсоюза «Парасат» Т.К. Мекебаев отметил, что детство – это самое счастливое время для многих из нас. Поэтому профсоюз совместно с администрацией под руководством ректора Г.М. Мутанов предпринимает все усилия, чтобы наши дети провели этот праздник с пользой и удовольствием.

Г.С. Султанбаева, заведующая кафедрой печати и электронных СМИ: «Дети очень радовались и возможности поиграть со сверстниками, и особенно грамотам и шоколадкам».

Л.А. Костоева, специалист отдела кадров: «Отличная идея провести праздник на военной кафедре, ведь детям нравится все новое».

Ж. Сартбай, директор Арт-центра: «Спасибо родному профсоюзу «Парасат» за такой прекрасный праздник для наших деток».

**О.П. ЛОЖНИКОВА,**

заместитель председателя профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби

#### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**  
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**  
Дизайнер: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА**

#### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында  
басылды.

#### Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 1000 дана**

**Талсырыс: №726**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.